

**Цифрлық активтердің құнын және олардың түрлерінің тізбесін айқындау,
жариялау тәртібі туралы қағидаларын бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 29 наурыздағы № 172 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 2 сәуірде № 34214 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 25 қыркүйектегі № 531 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 25.09.2025 № 531 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексі (Салық кодексі) 227-1-бабының 4-тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес, цифрлық активтердің құнын жариялау тәртібі туралы қағидалары;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес, құны жариялануға жататын цифрлық активтер түрлерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

М. Такиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар

Цифрлық активтердің құнын айқындау, жариялау тәртібі туралы қағидалар 1-тарау.
Жалпы ережелер

1. Осы Цифрлық активтердің құнын айқындау, жариялау тәртібі туралы қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 227-1-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және цифрлық активтердің құнын және олардың түрлерінің тізбесін айқындау, жариялау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

ақпарат көздерінен алынған баға – ресми танылған ақпарат көздерінен, биржалық белгіленімдер туралы деректерден, уәкілетті органдардан, сондай-ақ басқа да ақпарат көздерінен алынған баға;

цифрлық актив – цифрлық код беріліп, оның ішінде криптография және компьютерлік есептеу құралдары қолданыла отырып электрондық-цифрлық нысанда құрылған, деректердің таратылған платформасы технологиясының негізінде тіркелген және ақпараттың өзгермейтіндігімен қамтамасыз етілген мүлік;

цифрлық активтер биржасы – цифрлық активтердің сауда-саттығын, шығарылуын, айналысын және сақталуын ұйымдастырушылық және техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын цифрлық платформа;

цифрлық майнингтік пул – Қазақстан Республикасының цифрлық активтер туралы заңнамасына сәйкес аккредиттелген, цифрлық майнерлердің цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенінің қуаттарын біріктіру қызметін ұсынатын, цифрлық майнерлердің бірлескен қызметінің нәтижесінде алынған цифрлық активтерді олардың арасында бөлуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

CoinMarketCup – нақты уақыты режимінде цифрлық активтердің құны, цифрлық активтерді капитализациялау туралы нарықтық деректер және цифрлық активтерді өткізу көлемі жарияланатын крипто-сайт.

2-тарау. Цифрлық активтердің құнын айқындау, жариялау тәртібі

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі – Комитет) цифрлық активтердің құнын айқындау үшін CoinMarketCup интернет-желісінде жарияланған ақпаратты қолданылады.

Цифрлық активтердің құнын Комитет күн сайын CoinMarketCup цифрлық активтер бойынша сауда-саттық жүргізетін жұмыс күні айқындалады.

Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес, құны жариялануға жататын цифрлық активтер түрлерінің тізбесінде (бұдан әрі - Тізбе) көрсетілген цифрлық активтердің құны үшін Комитетпен CoinMarketCup тәулік қорытындысы бойынша қалыптасқан цифрлық активтердің орташа өлшенген құнын алынады.

Жұмыс емес күндері жұмыс емес күннің алдындағы жұмыс күні айқындалған цифрлық активтердің құны қолданылады.

4. Цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғаның, цифрлық майнинг пулының, цифрлық активтер биржасының кірісін айқындау мақсатында цифрлық активтердің құны цифрлық актив алынған күнге айқындалады.

5. Белгілі бір шетел валютасына тіркелген құны бар цифрлық активтер оларды алған күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық банкімен айқындалған бағамын қолдана отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына қайта есептеледі.

6. Комитет Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңымен бекітілген тәртіппен интернет-желісі бар жеке және заңды тұлғамен цифрлық активтердің құны туралы мәліметтерді интернет-желісінде жариялауға салықтық әкімшілендіру үшін ақпараттық сервиске қолжетімділікті ұсыну бойынша қызмет көрсету туралы мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – шарт) жасайды.

7. Комитет өзінің ресми интернет-желісінде Шарт жасаған тұлға туралы және оның интернет-желісіне сілтемені жариялайды.

8. Шарт жасаған тұлға ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 25-ші күнінен кешіктірмей өзіне тиесілі интернет-желісінде Тізбеге сәйкес цифрлық активтердің құнын жариялайды.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2024 жылғы 29 наурыздағы
№ 172 Бұйрыққа
2-қосымша

Құны жариялануға жататын цифрлық активтер түрлерінің тізбесі

№	Цифрлық активтердің аты	Қысқаша аты
1	Bitcoin	BTC
2	BitcoinCash	BCH
3	Dash	DASH
4	Dogecoin	Doge
5	EthereumClassic	ETC

6	Horizen	ZEN
7	Litecoin	LTC
8	Monero	XMR
9	Siacoin	SC
10	Thronix	TRX
11	Zcash	ZEC

Ескертпе: Құны жариялануға жататын цифрлық активтер түрлерінің тізбесі Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетімен цифрлық майнинг пулының өтініші негізінде толықтырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК